



## **Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуына 50 жыл толуы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы**

Казақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 16 қантардағы N 1281 Жарлығы.

Республикалық баспасөзде және  
"Президент пен Үкімет актілерінің"  
жинағында" жариялануға тиіс

Республикада тың және тыңайған жерлерді игеруге және ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтарды көтермелеген мақсатында, сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуына 50 жыл толуы құрметіне ҚАУЛЫ ЕТЕМИН:

1. "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.
2. Қоса беріліп отырған:
  - 1) "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі туралы ереже ;
  - 2) "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.
3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Казақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2004 жылғы 16 қантардағы  
N 1281 Жарлығымен  
бекітілген

### **"Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі туралы ереже**

1. "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалімен (бұдан әрі - мерекелік медаль) республикада тың және тыңайған жерлерді игеруге және ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар, сондай-ақ бұрын тың және тыңайған жерлерді игергені үшін медалімен марарапталғандар наградталады.

2. Мерекелік медальмен наградтауға ұсынысты Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, министрліктері, өзге де орталық мемлекеттік органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ қоғамдық үйымдар енгізеді.

3. Мерекелік медальді Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Мерекелік медальді Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және тапсырмасы бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;
  - 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері;
  - 3) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ мемлекет басшысы осыған өкілеттік берген өзге де лауазымды адамдар тапсыра алады.
4. Мерекелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда және жария жүзеге асырылады . Ол наградталған адамның жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.
5. Мерекелік медальдің тапсырылғандығы туралы белгіленген нысанда хаттама жасалады. Ол медальді тапсырған адамның қолымен және тапсыруды жүргізген органның мөрімен бекітіледі және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жолданады.
6. Мерекелік медаль кеуденің сол жақ өніріне тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар болса олардан кейін орналасады.
7. Әрбір наградталған адамға мерекелік медаль тапсырумен бір мезгілде тиісті қуәлік беріледі.
8. Жүргізілген наградтаулардың есебін, сондай-ақ мерекелік медальдерді тапсыру барысы туралы есеп беруді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 16 қаңтардағы  
N 1281 Жарлығымен  
бекітілген

## "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы

"Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі жезден дайындалады және диаметрі 34 мм шеңбер пішінді болады. Медальдің бет жағында көтерілген күн мен егін аясында астық жинап жүрген комбайндар, оң және сол жақтарында айнала бидай масақтары бейнеленген.

Медальдің сыртқы бетінде ортада мемлекеттік тілде және орыс тілінде:

"Қазақстан Республикасы "Тыңға 50 жыл"

"Республика Казахстан "50 лет целине" деген жазу орналасқан. Медальдің төменгі бөлігінде айнала лавр бұтақтары орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер, жазулар бедерлі, алтын түсті. Медаль шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы түстес қатқыл лентамен тысталған ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанға жалғанады. Лентаның шеттерін бойлай сары және жасыл түсті екі жолақ жүргізілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК